**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым атауы: ЖШС «Бақытты бала» балабақшасы
**Топ:** «Қошақан» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3жас
Ақпан айы. 13.02-17.02.2023 ж,2 апта

«Тексерілді»:
Әдіскер:Ж.С.Давлеткалиева
Тәрбиешілер: Г.Ғ.Елмұратова
С. Қарымсақова

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл- күймен қарсы алу.<br>**Дидактикалық ойын: «Көңілді таяқшалар»**<br>Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамыту.<br>**Сөйлеуді дамыту** | Балаларды жақсы көңіл- күймен қарсы алу.<br>**Танымдық ойын: «Мынау қай пішін?»**<br>Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.<br>**Математика негіздері** | Балаларды жақсы көңіл - күйменқарсы алу.<br>**Үстел үсті ойыны «Бөліктерін тап»**<br>Мақсаты: Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. | Балалар өз отбасылары туралы әңгімелеп беру.<br>**Дидактикалық ойын «Суретті толықтыр»**<br>Мақсаты: Балаларға берілген суреттерді толықтырып орналастыра білуге үйрету.<br>**Жапсыру** | Балаларды жақсы көңіл- күймен қарсы алу.<br>**«Қай аспап жоқ?»**<br>Мақсаты: Балалардың зейіннің дамыту. Есте сақтау қабілетін дамыту. |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналарға кеңес:**<br>Ата аналармен әңгімелесу. Балалардың денсаулығы жайлы | **Ата-аналарға кеңес:**<br>«Балаңызбен демалысты қалай өткізесіз?» Ата-аналармен сұхбат. | **Ата-аналарға кеңес:**<br>Ата аналармен әңгімелесу. Балалардың денсаулығы | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. | **Ата-аналармен әңгіме:**Ата-аналарға балаларын таңертеңгілік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әңгімелесу. | | жайлы әңгімелесу. | | жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Құрылысшы** Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру. Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру. Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. **Құрастыру** | **Үстел үсті ойыны:** «Бөліктерді құрастыр» Мақсаты: Зейіндікке баулу. **Құрастыру** | **«Дөңгелектер»** Мақсаты: Ермексаздан машина жасап құрастыру. **Мүсіндеу** | **«Сипап көр»** Мақсаты: Сипап сезу арқылы көкөністердің атын табу. **Математика негіздері** | **Құрастыру «Машина»** Мақсаты:Құрлыс материалдарының негізгі бөліктері мен бөләктердің бөліктерін, түсімен шамасы бойынша ажыратуға үйрету. **Құрастыру** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | ҚР әнұраны орындалады<br>Сапқа тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамытушы және тыныс алу жаттығулары.<br>**Мақсаты:** баланың организмін «ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету.<br>1. Тізбекте қатарымен тұру және жүру. Аяқ ұшымен жүру, қолды белге ұстау.<br>2. Жеңіл аяқ ұшымен жүгіру.<br>3. Б. қ.: қолды белге ұстау, аяқ арасын алшақ ашып тұру, қолды жанға созу, жоғары көтеру, аяқ ұшымен тұру, қолды жанда ұстау.<br>4. Б. қ.: қолды желкеде саусақты айқастырып ұстап, аяқ арасын алшақ, ашып тұру, кеудені еңкейіп, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолды аяқ ұшына тигізу.<br>5. Б. қ.: өкшені қосып аяқ ұшын ашып, қолды белге қойып тұру. Қолды алға созып отыру, тұру.<br>6. Б. қ.: аяқ ұшын ашып, өкшені қосып қолды белде ұстап тұру. Оң аяқты алға созып, аяқ ұшын қою жанға, артқа созу, б. қ. келу.<br>7. Б. қ.: өкшені қосып аяқ ұшын ашып тұру, қолды төмен түсіріп тұру, оң аяқты жанға, қолды жанға ұстау, оң қолды төмен түсіру, сол қолды жоғары көтеру, екі қолды да жанға ұстау, оң аяқты қосып, б. қ. келу.<br>8. Б. қ.: өкшені қосып аяқ ұшын ашып тұру, қолды төмен түсіріп тұру, секіріп аяқ арасын ашу, қолды жанға ұстау секіріп аяқ арасын қосу. (Дене шынықтыру) | | | | |
| **Таңғы ас** | Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар. **Сөйлеуді дамыту** | **«Ас адамның арқауы»** Мақсаты: Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру,сұрақ-жауап | **Ойын-жаттығу «Таза қолдар»** Балалардың назарын тағамға аудару.Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын» | **Ас қайыру тақпағы:** Жегеніміз нан болсын! Айтарымыз ән болсын! Тамақ берген апайға, Айтарымыз оң болсын! Әумин! | **Ойын- жаттығу:** Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. |
| **Ұйымдастырыл-ған іс-әрекетке дайындық** | **«Мерекелік дастархан»** Мақсаты: Мерекелік дастархан туралы түсінік беру. **Сурет салу** | **«Бағдаршам»** (сурет қарастыру) Мақсаты: Түс туралы сұрақтарға жауап беруге үйрету. **Жапсыру** | **«Ғажайып қапшық»** Мақсаты: Әр мамандыққа қажетті құралдарды атап айыра білу, неден жасалғанын тану. **Қоршаған ортамен танысу** | **«Мерекелік отшашу»** Мақсаты:Отшашу туралы түсінік беру. Қауіпсіздік шараларын түсіндіру. **Сурет салу** | **Шаштараз қалай жұмыс істейді?** Қуыршаққа көрсетеміз Шаштараз жұмысы туралы балаларға білім беру. Құрал-жабдықтарын атауға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **Қоршаған ортамен танысу** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** Педагог жоспары бойынша. | **Музыка Тақырыбы: Әукім-әукім бұзауым Мақсаты:** Балалардың есту қабілетін дамыту. Музыка әуенімен үй жануарларының қимылдарын байланыстыра қимыл жасауға үйрету. | **Дене шынықтыру** Педагог жоспары бойынша. | | **Дене шынықтыру** Педагог жоспары бойынша. |
| **Серуенге дайындық** | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. | Серуенге ойын құралдарын дайындау. | Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. | Серуенге ойын құралдарын дайындау. | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. |
| **Серуен** | **"Аққайыңда бақылау" Мақсаты**:Қайың ағашының қысқы көркін бақылау. Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу. | **«Қыс мезгілінде жаяу жүргіншілер жолымен таныстыру.» Мақсаты**: Көшеде жүру ережесі туралы түсініктерін қалыптастыру. | **«Күнді бақылау» Мақсаты:** Табиғи құбылыстармен таныстыруды жалғастыру.Қыс белгілері туралы түсінік беру. | **«Мұзды бақылау» Мақсаты:** Табиғат құбылыс - мұзбен таныстыру.Судың табиғатта кездесетін күйі туралы түсініктерін қалыптастыру. | **«Жауып тұрған қарды бақылау» Мақсаты:** Қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Бақылау барысы:**<br>*Қайың ағашының қысқы көркін бақылау.*<br>*Аққайыңның басқа талдардан ажырату ерекшелігі туралы білімдерін қалыптастыру.*<br>*Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу.*<br>**Көркем сөз:**<br>Аққайыңға мен барамын<br>Күн батқан кезде<br>Қараймын мен жаутаңдаймын<br>Өткен жандарға<br>***Қимылды ойын:Қимылды ойын:***<br>«Өзінің ағашынды тап»<br>**Мақсаты:**Ойын шартын бұзбауға тырысу.<br>Шапшандыққа, | Жергідікті жерді бағдар жасау біліктерін тәрбиелеу.<br><br>**Көркем сөз:**<br>Асықпаймын аптығып,<br>Алдым мұны жақсы ұғып.<br>Күйсандықтың тіліндей,<br>Қатар-қатар ақ сызық.<br><br>**Еңбек әрекеті:**<br>Жолды қардан тазалау, күрекпен қарды жинау.<br>***Мақсаты:***тапсырмаларды бірлесіп орындауға үйрету<br><br>**Баламен жеке жұмыс:**<br>**«Жол өтеміз бәріміз»** Қатарға тұрып сызық бойынша тік жүру дағдысын баулу. | **Бақылау барысы:**<br>Қыс<br>Қандай суық қыс деген?<br>Қалтырайды құс деген.<br>Құлақшынды кимесең<br>Құлағынды тістеген.<br>Қандай қызық қыс деген?<br>Желтоқсан - қыс мезгілінің бірінші айы. Бұл кезде өзендердің мұзы қалың болады.Ағаштар мен бұталардың бұтақтары нәзік болады.Күн қысқара береді.<br><br>**Көркем сөз:**<br>Қуаныштың бүгінгі<br>Басылмайды ыстығы.<br>Жылдамырақ жүруді<br>Үйретеді қыс күні! | **Бақылау барысы:**<br>***Бақылау барысы:***<br>Өлеңді оқи отырып, балалармен бірге іс-қимылмен көрсету.Күн салқын болған кезде, шалшық судың беті жұқа мұзға айналады.Аязды күндері түбіне дейін қатады.<br>Көкше мұз<br>Көл бетінде көкше мұз,<br>Көкше мұзда қызық көп.<br>Сырғанаймыз кеште біз,<br>Айқыш-ұйқыш сызып кеп.<br><br>**Көркем сөз :**<br>Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ,<br>Қыстың өзі жасағандай бізді ойлап,<br>Шаңғы теуіп жарысамыз желменен, | күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей, жылырақ күнде қар ауырлау тартады,- қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады.<br>**Бақылау барысы:**<br>Қар жауғанда айналаның қалай өзгеретінің бақылайық. Бұл құбылыстың сұлулығын қараңыз. Қар жауып тұр - бұл табиғаттың құбылысын қар басу деп атайды.Қарандар шы қандай омбы қар жауған.Тәжірибе өткізу.<br>**Көркем сөз:**<br>Далада қар борайды, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | достыққа баулу<br>**Еңбек әрекеті:**<br>Балабақша аумағын қардан тазалау.<br>*Мақсаты:*<br>—күректі қолдануға, аққала үйіндісіне қар апаруға үйрету, достарына көмектесу<br>— бастаған істі аяқтауға үйрету.<br><br>**Баламен жеке жұмыс:**<br>**«Ағаш»**Сызықтың бойымен тік жүру, балалардың тепе –теңдікті сақтау қабілетін машықтау | | ***Қимылды ойын:***<br>**«Күн мен түн»**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.<br><br>**Баламен жеке жұмыс:**<br>***Жеке жұмыс***<br>**«Секіреміз, жылынамыз»**<br>бір орында тұрып екі аяқпен секіруге жаттықтыру. | Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап<br>***Қимылды ойын:***<br>***Қимылды ойын:***<br>«Шортан мен табан балықтар»<br>Мақсаты: тез жүгіруге, жүгірген баланы тез ұстап алуға жаттықтыру, айналаны бағдарлай білуге үйрету.<br><br>**Еңбек әрекеті :**<br>Балалармен бірге мұзды жолақша жасау үшін су құю.<br>Мақсаты: Су құйғыштан суды мұқият құю, ересектерге көмектесу құштарлығын тудыру<br>**Баламен жеке жұмыс:**<br>**«Кім дұрыс жасайды?»**<br>алға қойылған тосқауылдардан екі аяқпен бірдей | Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады қатады,<br>Жып – жылтыр боп жатады<br>***Қимылды ойын:***<br>«Қар» ойыны<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды шапшандыққа, зейінділікке, тапқырлыққа үйрету<br>**Еңбек әрекеті:**Балалар, қыста ағаштар не істейді? Олар тоңады. Ал ағаштар тоңбау үшін біз не істеуіміз керек? Дұрыс балалар, ағаштардың тамырларын біз қармен көму керекпіз.<br>***Мақсаты:***<br>Жұмысты бірігіп атқаруға бағыт беру. Табиғатты аялауға, қамқорлық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | секіріп өте білу. | жасауға тәрбиелеу **Баламен жеке жұмыс:** «Ауада қар ұшқындары қылаулайды» Балалардың кеңістікті бағдарлауын, қимыл қозғалысын дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру. | Киімдерін ретімен шешіп, шкафтарына бүктеп қоюға қалыптастыру. | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру. | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. |
| **Түскі ас** | Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту,тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. | Тағамды асықпай жеу керек. | Ас ішер алдында қолыңды жуу керек. | Тағамды асықпай жеу керек. | Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту,тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. |
| **Күндізгі ұйқы** | Ұйқыға арналған | «Әлди –әлди | «Бесік жырын» | Ұйқыға арналған | «Балапаным» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әуен аудио-ертегі | ұйықтайғой» **Сөйлеуді дамыту** | тыңдату | әуен аудио-ертегі | музыка тыңдату. |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**<br>**Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар).**<br>Шомылған баланы,<br>Аймалап алады.<br>Сүртеді қолыңды,<br>Сүртеді жонынды. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Бесін ас** | Ас мәзірімен таныстыру.Бір-біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару. | Балалардың назарын тағамға аудару. | Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. | Балалардың назарын тағамға аудару. | Балалардың назарын тағамға аудару. |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Дөңгелектер»**<br>Мақсаты: Ермексаздан машина жасап құрастыру.<br>**Құрастыру Мүсіндеу** | **«Кім солай сөйлейді?» доппен ойын**<br>Мақсаты:Жануарларды дауысынан айыра білуге және дауыстарына еліктеуге үйрету.<br>**Сөйлеуді дамыту** | **«Өз үйіңді тап» дидактикалық ойын**<br>Мақсаты:Түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету.<br>**Қоршаған ортамен** | **Танымдық ойын:«Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта»**<br>Мақсаты: Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту.<br>**Математика негіздері** | **«Ит адамның досы»**<br>Мақсаты:Ит туралы түсінік беру.<br>Қол икемділігін дамыту.<br>**Құрастыру Мүсіндеу** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Қоршаған ортамен таныстыру** | бекіту. **Математика негіздері** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жеке баламен жұмыс:** Нұрбектің ұсақ қол моторикасын дамыту. **Сурет салу** | **Жеке баламен жұмыс:** Аялаға тыныс алу жаттығуын жасату. **Сөйлеуді дамыту** | **Жеке баламен жұмыс:** Қайшыны дұрыс ұстауға үйрету. **Құрастыру** | **Жеке баламен жұмыс:** Алинұрға түстерді ажырата білуге үйрету. **Сөйлеуді дамыту** | **Жеке баламен жұмыс:** Нұрбектің ұсақ қол моторикасын дамыту. **Сурет салу** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін бақылау. | Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау. | Балалармен жеке әңгімелесу. | Балаларды табиғатпен таныстыру. | Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау. |
| **Серуен** | Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: Біздің балабақшамыз», «Біздің топ» | | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, дербес және ойын әрекеті** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды жақсы көңіл-күймен шығарып салу. | Үйде баланың үй тапсырмасын қадағалау. | Баланы үйде аяқ киімін оң, теріс деп үйрету. | Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру. |